ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ

**ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ КОМИТЕТІ**

МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**КОМИТЕТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА**

010000, Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 11
тел.: 8(7172) 71-81-03 қабылдау бөлімі
тел.: 8(7172) 71-77-67, факс: 8(7172) 71-81-04

010000, город Астана, Проспект Победы, 11
тел.: 8(7172) 71-81-03 приёмная
тел.: 8(7172) 71-77-67, факс: 8(7172) 71-81-04

24.05.2019г. № КВГА-13

**«Диас-проект» ЖШС-і
директоры
Н.Ә. Сеиілханға**

Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит Комитеті Сіздің 08.05.2019 жылғы № 42371 арызыңыздың негізінде ашық конкурс тәсілімен өткізілген № 3088485-1 «Государственные закупки работ в с.Чулаккорган согласно конкурсной документации.» мемлекеттік сатып алулары бойынша камералдық бақылауы жүргізіліп, Сіздің арызда көрсетілген уәждер жартылай расталды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы Қағидаларының 178-1 тармағына сәйкес, конкурстық комиссия демпингтік баға ұсыну себебі бойынша «Су Жоба Құрылыс» ЖШС-ң және «Astana Mix Building» ЖШС-ң өтінімдерін конкурсқа қатысудан бас тартқаны жөн.

Камералдық бақылау қорытындысы бойынша Комитет Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 598 бұйрығымен бекітілген Камералдық бақылау жүргізу Қағидаларына сәйкес шаралар қолданады.

Камералдық бақылау Камералдық бақылау жүргізу Қағидаларының 19-тармағының екінші абзацына сәйкес жүргізілді.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 47-бабының 6-тармағына сәйкес қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабында көзделген жоғары тұрған лауазымды тұлғаға немесе субъектіге шағым жасауға құқығыңыздың бар екендігі туралы хабарланады.

Заңның 47-бабының 9-тармағына сәйкес дауларды сотқа дейін реттеу тәртібі міндетті болып табылады.

Төрағаның орынбасары /подписано/ Ш. Шайназарова

Орын. Бөкейханов Ә.
Тел. 71-78-73